

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Тағы да жер жайынан

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.02.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/149370/

Қазақтың ұлттылығы, азаттығы, еркіндігі үшін, ұлт жанашырлары ерең еңбекпен адал қызмет атқарғаны, мына бізге өскелең ұрпақ, жас буынға мәлім, айқын дүние. Алаш зиялыларының басты мақсаты, арманы қазақ елінің тәуелсіз өз жерінде жүріп, өз тілінде сөйлеп бақытты ғұмыр кешуі еді. Бұл сөзге дәлел ретінде Алаш зиялыларының ерең еңбектерін қарастыра аламыз.

Алайда Алаш зиялыларының еңбек жолында көрген әділетсіздіктері көп болды. Отарлық саясатқа қарсы жүргізілген күрес газет — журналдарға мақала жинақтары болып шықты. Соның ішінде 1911 жылдың қаңтар айында жарық көрген «Айқап» журналында өзекті, кең етектегі мәселелер жарияланды. Қазақ елінде жүріп жатқан геноцид, отарлық Ресей империясының дистопиясы мен әділетсіз идеологиялар т.с.с. Өзекті де ауқымды мәселелерді дөп басып өткір жаза білген. Соның ішінде жер мәселесі басты сипатты алған болатын. Шырайлы қазақтың жерін Ресейден қоныс аударып келген мұжықтарға, оңды солды бөліп берген еді. Сол мұжықтарға 15 десятина (қазіргі саналыммен 16,35 гектар) құнарлы жерден үйлестіріп бергенді. Осы жер мәселесін 1911 жылдың сәуірінде №4 санында Ахмет Байтұрсынұлы «Тағы да жер жайынан» атты мақаласында талқыға салды. Бірақ та атын толықтай жазбай тек «А.Б» деп жариялаған болатын. Оған себеп цензура болды.

«Қазақ осы күнде қалың орманға кіріп адасқан адам секілді, қалай жүрсе жөн боларын білмей дағдарған кезі» деп бастау алған мақалада, қазақ халқының сол кездегі не істеп, не қоярын білмей дағдарған күйін жеткізеді. Кәсіби білімнің болмағаны ма, әлде интеллект тұрғысында заманауи өзгерістерге үйлесе алмауының кесірінен бе, сол кездегі жұртшылық өздігінше шешім қабылдай алмай, біреудің үнімен, ойымен жүре берген. Ахмет бұл мақалада онсызда аз қалған айаулы жерді алып қалудың һәм жолын ұсынады. Ол «урбанизация». Яғни сол айаулы жерлерге қала салу. «Бұл қала салу деген сөз, қазақтың бәріне айтқан емес, егін салып күн көрерлік жері бар қазақтарға айтылған сөз» деп, шама шарқысы жететін бюрократиялы – авторитарлы қауымға үндеуі. Халықты қала салуға шақырудың басты бір идеясы мен мақсаты ол, аз да болса қалған айаулы жерді сақтап қалу. «Жақсы жерге жиылып қала салсаң, сен неге салып жатырсың дейтін һеш кім жоқ, қазақ қалаған жеріне қала болып отырса, мешіт – медіресе салса, қаланың

маңайыңдағы егіндік жерлерді өлшетіп планға түсірсе, өлшеген жер артылмай көп болып отырса, қалаңды бұзып, мешітіңді қиратып, жеріңді ала қоймас» деп басты, әрі негізгі идеяны ұсынады. Бұл мақала сол кездегі қазақ халқын байырғы бос ұстайтын гадетінен айырылу мақсатында, әрі заңменен ақыл ой арқылы өзінің аманатын ұстап қалуды көздеген еді. Сонында аңғау адамды, жаманды ретін тауып кім жем қылмайды, жеріңді сақтау үшін ақылға келуге, заманның үрдісіне қарама қарсы дамуға шақырады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.